



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8,
Министрліктер үйі, 5 - кіреберіс,
тел.: 7 (7172) 743650, факс: 7 (7172) 743727
e-mail: minzdrav@dsm.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 8, Дом
Министерств, 5 подъезд,
тел.: 7 (7172) 743650, факс: 7 (7172) 743727
e-mail: minzdrav@dsm.gov.kz

050000, Алматы қаласы
Қазыбек би көшесі, 117 үй, Galianos БО, 207 - офис
Factcheck.kz сайтының бас редакторы
Думан Смақовқа

2022 жылғы 27 сәуірдегі №F-1622 хатқа

Құрметті Думан Дубекұлы!

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Сіздің сұраныс хатыңызды қарап, өз құзыретішегінде қосымшаға сәйкес ақпаратты ұсынады.

Қосымша: парақ.

Департамент директорының м.а.

Г. Сарсенбаева

[Аубакирова М. Е. \(Эксперт\)](#)

Тел.: 87054269255

1. "Әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізіміне" тіркелген науқастар саны?

Оның ішінде: 2022 жылға соңғы дерек, әр аурудың статистикалық дерегі артуы бойынша рет –ретімен;

Бейінді республикалық орталықтардың мәліметіне сәйкес 2022 жылғы 1 тоқсандағы жағдай бойынша әлеуметтік маңызы бар аурулармен тіркелген науқастар саны: қатерлі ісіктер - 196 166 адам, адамның иммун тапшылығы вирусымен өмір сүретін адамдар саны - 25912 адам, психикалық, мінез-құлық бұзылуларымен - 190 547 адам, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынудан психикалық, мінез-құлық бұзылуларымен - 108 103 адам, қант диабетімен – 431 871 адам, белсенді туберкулезбен – 10 458 адам.

2. Қазақстанда COVID 19-дан қайтыс болғандардың ішінде «қант диабетімен» ауырған науқастар саны қанша және ковидтен қайтыс болғандардың ішінде сәйкес үлесі(%)?

2022 жылғы 1 тоқсанында Қазақстанда қант диабетінен қайтыс болғандардың саны – 1259 адам. COVID 19-дан қайтыс болған қант диабетімен ауырған науқастар саны бойынша статистика жүргізілмейді.

3. Қазақстанда 2022 жылы қанша адам «қант диабеті» бойынша есепке тіркелген?

ДСМ ақпараттық жүйелерінің статистикалық деректеріне сәйкес 2022 жылдың 1 тоқсанында динамикалық бақылауда – 431 871 адам тіркелген.

4. Қазақстанда 2022 жылы қанша эндокринолог- дәрігер бар?

Қазақстанда жеке секторда жұмыс істейтін мамандарды қоса алғанда 915 эндокринолог дәрігер бар.

5. Инсулин помпасымен жұмыс істей алатын қанша эндокринолог бар?

Елімізде барлық 915 эндокринологтар инсулин помпасымен жұмыс істей алады.

6. Қазақстанда «диабеттік аяқты» емдейтін қанша подолог дәрігер бар?

Оның ішінде: Әр облысқа, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент бөлек дерек (оның ішінде ауруларға бөлек дерек) және дәрігердің әр өңірге 10 000 халыққа қамтылуы.

Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 жбұйрығына сәйкес эндокриндік ауруларды емдеу бойынша мамандықтар номенклатурасында «ересектер, балалар эндокринологиясы» мамандығы бекітілді, бұл ретте «диабетология» мамандану болып табылады.

«Подолог» мамандығының тар бағытына байланысты және ол бойынша мамандандыру көзделмейді. Олар «диабетология» мамандығын алған хирургиялық профильдегі дәрігерлер немесе орта медицина қызметкерлері.

7. Өңірлерге қант диабеті бойынша дәрілік заттармен медициналық құралдарды жеткізу бойынша ақпараты (2017, 2018, 2019, 2020, 2021 жылдарға бөлек дерек, оның ішінде әр жылдың басы мен соңына бөлек дерек).

ЖШС «СК-Фармация» мәліметі бойынша дәрілік заттармен медициналық құралдарды жеткізу ақпараттары (2017, 2018, 2019, 2020, 2021 жылдар бойынша) қосымшаға сәйкес Excel – форматта қоса беріледі.

8. Қазақстанның әр облысы және Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары Қант диабеті бойынша заманауи және инновациялық препараттармен қанишалықты жабдықталған және диабетпен күрес шараларында қандай нәтеже беріп жатыр?

Стационарлық көмек көрсету шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне «Инсулин деглудек, инъекцияға арналған ерітінді 100 ЕД/мл, 3 мл, алдын ала толтырылған шприц – қаламдар» препараты енгізілді.

Пациенттер заманауи препараттармен қамтамасыз етілген.

9. Қазақстанның әр облысы және Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалалары қанша Диабетическая стопа кабинеттері бар және диабетпен күресу шараларыда қандай нәтеже беріп жатыр?

Бөлек «Диабетическая стопа» кабинеттері жоқ, алайда Диабет орталықтарында және қант диабеті мектептерінде науқастармен тиісті жұмыстар жүргізіледі.

10. Қазақстанның әр облысы және Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қ. қанша эндокринологиялық диспансер мен қант диабеті орталықтары бар және диабетпен күрес шараларында қандай нәтеже беріп жатыр?

Ел бойынша бұрын 2 эндокринологиялық диспансер болған, олардың бірі (Талдықорған қаласында) 90-шы жылы оңтайландырылған, екіншісі (Шымкент қаласында) 2018 жылы облыстық көпбейінді ауруханаға қосылған.

Бұл ретте 2011 жылдан бастап елімізде кезең-кезеңімен диабет орталықтары құрылуда. 2011 – 2013 жылдары Алматы қаласында әр қайсысы 40 төсектен 2 орталық, 2016 жылы Талдықорған қаласында 45 төсектен, 2017 жылы ШҚО – да 25 төсектен, 2018 жылы БҚО – да 15 төсектен ашылды.

Диабет орталықтары тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде қант диабетімен ауыратын науқастарға стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсетеді.

ҚР-да қант диабетімен ауыратын науқастарға медициналық көмекті жетілдіру жөніндегі 2022 –2023 жылдарға арналған Жол картасының жобасында жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша 2023 жылы Қарағанды, Атырау қалаларында және Түркістан облысында қант диабеті орталықтарын ашу көзделген. Жол картасының жобасы ағымдағы тоқсанда мүдделі мемлекеттік органдарға, аккредиттелген қауымдастықтарға келісуге жіберілетін болады.

11. Қазақстанда «MODY-қант диабетін» диагностикалау және емдеу үшін қандай шаралар атқарылып жатыр?

MODY-қант диабетінің диагнозын диабетологтардың әлемдік қауымдастығы зерттейді, мұндай ұғым жіктеуге енгізілмеген. MODY -қант диабетін дифференциалды диагностика ретінде диагностикалау 2019 жылы «1 типті қант диабеті» емдеудің және даигностикалаудың клиникалық хаттамасына енгізілген.

Сонымен қатар, бүгінгі күні ҚР – да эндокринологиялық көмек көрсету стандартының жобасы (бұдан әрі-стандарт жобасы) әзірленді, ол ағымдағы жылы

Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссиясының отырысында қаралады, оның шеңберінде MODY-диабет диагностикасының кейбір аспектілері ескерілетін болады.

12. Қазақстанның әр облысы және Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қ. қанша «Қант диабеті мектептері» бар? Және олар өз жұмысын қалай, қанишалықты оң нәтежемен атқарылып жатыр?

Бүгінгі күні елімізде емханалар жанынан 130-ға жуық мемлекеттік диабет мектебі (оның ішінде "диабеттік табан") және 19 жеке мектеп жұмыс істейді, олардың негізгі міндеті пациенттерді қант диабеті туралы хабардар ету, пациенттердің өз денсаулығын сақтауға және емдеуші дәрігердің ұсынымдарын орындауға белсенді қатысуына жауапкершілікті арттыруға ынталандыру болып табылады.